

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Ер дәулеті – еңбек

Еңбек адамдарын көзбен көріп, дидарласып, оларды ел-жұртқа таныту – біздің жұмысымыздың бір бағыты десек болады. Сол мақсатта бүгін «Қаламқасмұнайгаз» кенорны, газ өндіру дайындау және тасымалдау цехының машинисті - Мақсот Отарұлы туралы сөз қозғағымыз келіп отыр.

Мақсот Отарұлы Қарамұрза 1961 жылы Атырау облысы Жылой ауданы, Құлсары қаласында дүниеге келген. Құлсарыда орта мектепті бітіргесін, 1982 жылы сырттай Атырау политехникумында техник-механик мамандығын игеріп шықты. Еңбек жолын 1978 жылы мұнай саласында бастаған ол, 2007 жылы «Жетібаймұнайгаз»

өндірістік басқармасында машинист болып жұмысқа орналасты. 2016 жылы Қаламқас кен орнына газ өндіру дайындау және тасымалдау цехының 5-ші дәрежелі технологиялық компрессор машинисті қызметінде еңбек етіп, міне, зейнетке шығып отыр.

- Қазір өндірісте алғашқы жұмысқа кірген кезеңмен салыстыра қарасақ,



әрине өзгерістер көп қой. Мұнай-газ саласына енгізілген жаңа технологиялардың арқасында еңбек өнімді, жұмыс нәтижелі. Машинист мамандығын игеру үшін ең алдымен шыдамдылық пен сабырлық керек. Күннің ыстық-суығына қарамастан ілеспе газды компрессорлармен қысым арқылы Қаражанбас және басқа да тұтынушыларға құбыр арқылы тасымалдаймыз.

Бақылау станциясы арқылы газдың тасымалдау процессін, компрессорлардың бір қалыпта тиісті қысыммен жұмыс жасауын қадағалаймын. Газбен барлық нысандарды қамтамасыз етеміз, 6 компрессордың жұмыс жасауын қадағалап, бұзылса жөндеуге көмектесеміз. Жөндеу кезінде төсемдерді ою, клапандарды, электромагниттік клапандарды, штоктар, мұздатқыш, радиаторларды монтаждау, жөндеу және ревизия жасау

жұмыстары бар. Міне, осындай, өз ісінің нағыз мамандары жиылған ұжымда, тасымалдау ісінің мүлтіксіз жүріп отыруы қамтамасыз етіледі, - дейді Мақсот Отарұлы.

Бүгінде адал жарымен 3 ұл, 5 қыз өсіріп отырған бақытты шаңырақтың иесі ұл-қыздарының өз саласында нағыз маман иесі болғанын қалайды. Әр үздік нәтиже мен қиын жұмыстың астарында адамның адал қызметі мен маңдай тері жатыр. Еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет! Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, отбасы - Отанда, ұл-қыздардың ортасында балқыған бақытқа толсын! Сізге жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз!



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Наурызбен қайта қауышқанда

Наурыз мерекесін «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-нің ұжымы жылдағыдан ерекше етіп қарсы алды. Наурыздан-наурызға дейін бел шешпей қызмет еткен ұжымның бір жылғы жұмысын қорытындылаған Серіктестіктің бас директоры Нұрдәулет Рахымұлы ұжымды табалдырығымыздан аттаған жаңа жылмен құттықтап, дәстүр бойынша үздік қызметкерлерді марапаттады.

Наурыз мейрамы қарсаңында ұжым қызметкерлері әріптестерінің мерекелік шараға киген

жарқын ұлттық киімдері мен костюмдеріне ерекше мән берді. Қызметкерлердің арасында ләңгі тебу, гiр тасын көтеру, қол күресі, тоғызқұмалақ секілді ұлттық ойын түрлерінен жарыстар өткізіліп, жеңімпаздардың барлығы кәсіподақ атынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Биылғы жылғы Наурыз мерекесіне мекемеміздің зейнеткерлері де шақырылды, ақсақалдар арасында өнер иелері де бар екен, олар Шәмші Қалдаяқовтың әндерін шырқап, көрермендердің көңілінен шықты.

Бұдан кейін ұжым қызметкерлері Наурыз мейрамының құрметіне жайылған ақ дастарқаннан дәм татып, үлкендердің ақ батасын алды, жастар ән-күйлерін шалқытып, жиналғандарға мықты денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеп жатты. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан біздің ұжымда Наурыз мерекесі осындай мерекелік көңілмен есте қаларлықтай өтті.

Ұлболсын Смадиярова
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС

